

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Беларусь Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 12 қаңтар N 56

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 4 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Беларусь Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Беларусь Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі және Беларусь Республикасының Мәдениет министрлігі (одан әрі Тараптар),

1996 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы мәдениет, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімінің ережелерін басшылыққа ала отырып, теңқұқты ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге, өзара түсіністікті нығайтуға ұмтылу негізінде, мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың халықтар арасындағы достықты және өзара түсіністікті дамытуға бейімді екеніне сеніп, Беларусь Республикасында тұратын қазақтардың және Қазақстан Республикасында тұратын беларустардың мүдделерін ескере отырып төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Тараптар мәдениет және өнер саласында шығармашылық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға міндеттенді.

2-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Мәдениет күндерін Беларусь Республикасында және Беларусь Республикасының Мәдениет күндерін Қазақстан Республикасында өткізеді. Мәдениет күндерін өткізу даталары Тараптардың келісімдері бойынша белгіленеді.

3-бап

Тараптар өз құзырының шегінде мәдени байланысты дамытуға, мәдени алмасуды және музыка, театр, бейнелеу эстрада және цирк өнері, кинематография, кітапхана ісі, тарихи-мәдени мұраларды қорғау көркемөнерпаз халық шығармашылығы, халықтық кәсіпшілік және басқа да мәдени қызмет түрлері саласында ынтымақтастықта болуға қолайлы жағдайлар жасауға міндеттемелер алады.

4-бап

Тараптар екі жақты келісім-шарттар негізінде, театр, музыкалы-орындаушылық ұжымдардың гастрольдері мен концерттерін ұйымдастыруға, көркемдік көрмелермен және мұражай экспонаттарымен алмасуға, кәсіби өнер және халық шығармашылығы саласында фестивальдар, конкурстар, конференциялар, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізуге көмек көрсете алады.

5-бап

Тараптар театрлар, концерттік ұйымдар, тарихи-мәдени мұралар объектілерін қорғау мекемелері, кітапханалар, клубтар, ғылыми-әдістемелік орталықтар, оқу орындары, мәдениет және өнер кәсіпорындары мен мекемелері арасындағы тікелей келісім-шарттар негізінде өзіндік ынтымақтастықты көтермелеп отырады.

6-бап

Тараптар шығармашылық одақтар мен басқа да қоғамдық ұйымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері арасындағы өзара байланысты дамытуға ықпал жасап отырады.

7-бап

Тараптар көркемдік білім саласында ынтымақтастықта болады, мәдениет және өнер саласындағы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеруге, ғылыми-әдістемелік ақпараттармен алмасуға, оқытушылар мен студенттердің стажировкаларына ықпал жасап отырады.

8-бап

Тараптар мәдени құндылықтарды өз мемлекетінің аумақтарынан үшінші мемлекеттің аумағына заңсыз әкелу және апару жөнінде ескерту шараларын қабылдауға келісті және осы салада шұғыл және құқық ақпаратымен алмасуды қоса отырып, "Заңсыз әкелуге, апаруға тыйым салып ескертуге және мәдени құндылыққа меншік құқығын беруге бағытталған шаралары туралы" 1970 жылғы 14 қарашадағы Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде жан-жақты ынтымақтастықты орындауға келісті.

9-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Беларусь Республикасы Мәдениет министрлігінің қарауындағы мұражайлық және кітапханалық қорларды құратын коллекциялар жиынтығына және басқа да мәдени құндылықтарға кіруге кепілдік береді.

10-бап

Тараптар өздерінің мәдени өмірін, халықтардың тарихи байланыстарын, мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастықтың нәтижелерін кеңінен жариялау мақсатында теледидар, радио, баспасөз үшін тұрақты түрде ақпараттар алмасып отырады.

11-бап

Тараптар мәдениет және өнер саласындағы ғылыми зерттеулер жөнінде ақпараттар алмасып отырады, ғылыми алмасу мен ынтымақтастықтың әртүрлі нысанын белсене пайдаланады.

12-бап

Тараптар Беларусь Республикасының аумағында тұратын қазақтардың және Қазақстан Республикасы аумағында тұратын беларустардың ұлттық өзіндік ерекшеліктерін, мәдениетін сақтау және дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызатын болады.

13-бап

Тараптар үлестік қатысу принципіне бірлескен бағдарламаларды, іскерлік жобаларды және мәдени акцияларды өзара екі жаққа бірдей етіп әзірлеуге және жүзеге асыруға келісті.

14-бап

Тараптар өздерінің арасындағы мәдени алмасуды мына жағдайда жүзеге асыруға келісті :

а) шығармашылық ұжымдармен, делегациялармен және жеке өкілдермен алмасқанда ;

- жіберуші Тарап ұжымдардың, делегациялардың, жеке өкілдердің жол жүру және екі жақтың өндірістік жүгін тасымалдау шығындарын төлейді;

- қабылдаушы Тарап әр елде бекітілген нормаларға сәйкес орналасу тамақ қабылдаушы Тарап аумағындағы келу бағдарламасына сай көлік шығынын төлейді, қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсетеді;

б) мұражай қорларымен және қазіргі заман өнері көрмелерімен алмасқанда оның шарттары, мерзімі, экспонат сипаты мен оны көрсетудің орындары жөнінде Тараптар жұмыс тәртібі бойынша қосымша түсіністікке келеді.

15-бап

Осы Келісімде қамтылған қызметтің барлық түрлері Тарап мемлекеттердің қолданыстағы заңдарына және өзге де нормативтік актілеріне сәйкес келіп, жүзеге асырылуы тиіс.

16-бап

Осы Келісім Тараптардың басқа халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

17-бап

Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушілік екі жақты келіссөздер және кеңесулер арқылы шешілетін болады.

18-бап

Осы Келісім мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы жазбаша хабарлардың соңғысы алынған кезден бастап күшіне енеді, бес жылға дейін іс-әрекетте болады, егер Тараптардың біреуі кезекті іс-әрекеттің бітуіне алты ай қалғаннан кешіктірмей ресми жазба түрде осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтату туралы өтініш бермесе, тағы бес жылға ұзартылады.

19-бап

Осы Келісімнің баптары мен ережелерін өзгерту немесе толықтыру тек қана Тараптардың өзара келісімі бойынша болатыны жөнінде Тараптар келісімге келді.

Келісім Астана қаласында 1999 жылғы "4" қарашада екі данада, әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалады, барлық мәтіннің күштері бірдей. Осы Келісімнің ережелерін талқылауда үйлеспеушілік туа қалған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және*

министрлігі үшін

*Беларусь Республикасының
Мәдениет министрлігі үшін*

қ о ғ а м д ы қ

к е л і с і м